

Жұмысты орындау реті.

1. Кішкене үш шардың диаметрі микрометр көмегінде анықталады. Әрқайсысының диаметрін әр түрлі бағыт бойынша үш рет өлшеп, оны 1-кестеге жазамыз.

2. Шарды сұйыққа жай ғана тастап, оның түсуі алдында бақылаушының көзі мен жоғарғы белгі бір горизонталь түзудің бойында орналасуына назар аудару қажет. Шар жоғарғы белгінің тұсынан өте берген кезде секундөлшегішті қосамыз. Сол мезетте, бақылауда дәл жоғарыдағыдай тәсілмен кішкене шардың екінші белгіден өтуін қадағалаймыз, секундөлшегішті тоқтатамыз. Шардың түсу уақытын кестеге жазамыз.

1- кесте

Шар	Шардың диаметрі (мм)	Шардың орташа диаметрі	Шардың түсу уақыты	Белгілердің ара қашықтығы	Тұтқырлық коэффициенті
		$D_{орт}, мм$	$\tau, с$	$l, м$	$\eta, Па \cdot с$
1					
2					
3					

3. Масштабты сызғыштың көмегімен белгілердің ара қашықтығы 1 мм-ге дейінгі дәлдікпен өлшенеді.

4. Егер бақылаушы шардың екінші белгіден өтетін мезгілін байқамай қалса, онда бақылауды одан әрі жалғастырып, секундөлшегішті үшінші белгіден өту уақытында тоқтату қажет.

5. Үшінші белгі осы жұмыста пайдаланылатын шардың шекті шамаларын өлшеу үшін де қажет. Шар бірінші және екінші белгіден өту уақытында бірінші секундөлшегіш, ал екінші және үшінші белгіден өтуінде екінші секундөлшегіш қосылып-тоқтатылады. Егер шардың d_1, d_2 және d_2, d_3 белгілері арасындағы жылдамдығы бірдей болса, онда өлшемдері осындай шарды пайдалануға болады. Ал, бұл шарт орындалмаса, онда өлшемдері кіші шар алу қажет.

Өлшеу нәтижелерін өңдеу үшін әрбір кішкене шардың тұтқырлық коэффициенті (6) формула көмегінде есептеледі. Соң бөлме температурасындағы тұтқырлық коэффициентінің тәжірибе үстіндегі орташа мәні есептеледі. Мұндағы ізделінетін сұйық, яғни глицерин немесе күнбағысмайы мен қорғасын тығыздықтарын қосымшадағы 2-3 кестелерден аламыз.